



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Рим империясының даму негіздері





Кіріспе

Бұл теңіз бассейні аграрлық, минералды және теңіз байлығына ие болды. Бұл байлыққа қол жеткізу үшін, финикиялықтар, гректер, этрусктер, мысырлықтар мен парсылар бассейнің стратегиялық орталықтары – аралдар, порттар және тар жолдарға үстемдік етуге талпынды. Б.з.д. үшінші ғасырда Италия түбегінде Рим мемлекеті жаңа Жерорта теңізі билігі ретінде пайда болды.

Біз Рим тарихын екі негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз. Біріншісі – Римдіктер Италияны және Жерорта теңізі бассейнінің басым бөлігін жаулап алған кез (б.з.д. 509–б.з.27 жж.). Бұл кезеңде республикалық үкімет, грек қалаларындағыдай, азаматтыққа ие барлық ересек ер адамдар қоғамдық өмірде белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие болғанын білдірді. Екінші кезең – Принципат (б.з.д. 27 жылдан б.з. үшінші ғасырына дейін) – жеке басқарушылардың үлкен көпұлтты мемлекетте автократтық қолбасшылыққа қол жеткізу кезеңі. Екі кезеңде де, саяси тұрақсыздық, әлеуметтік төңкерістер мен провинциялық көтерілістер империялық бірлікті бұзып тұрды.

Рим Республикасы туралы авторлар келтірген мәліметтерді қарастыра отырып, Б.з.д. VI ғасырдың аяғында Рим республикалық қала-мемлекет ретінде пайда болғанын, Италия халқы негізінен фермерлікпен айналысқанын байқауға болады.

Республика – жоғарғы билік заңдарды мақұлдау және қоғамдық шеңді адамдар мен өкілдерді таңдау үшін дауыс беру құқықтарына ие азаматтардың деніне негізделген басқару түрі.

Олардың қарапайым қаласы Тибр өзенінің төменгі ағысында орналасып, Солтүстігінде Этруск қалаларымен шектесті. Олардың әсері зор болып, этрусктардан шыққан патшалар Римді жетінші және алтыншы ғасырлар бойы басқарған болатын.

Римнің республикалық үкіметі мен қоғамы жайында тереңірек айтатын болсақ, Рим республикаға айналғанда, барлық жер иеленуші ер азаматтардың ұжымдық билігіне негізделгенін байқауға болады, яғни әлеуметтік шиеленіс қоғамның екі негізгі табы арасында орын алды. Бірінші тап – патрициялар, ақсүйектік азшылығы болды. Бұл тапқа кіретін бай және арнайы артықшылықтары бар отбасылар сайланатын кеңес беруші орган – Сенатта отырды. Азаматтық тұрғындардың басым көпшілігін құрайтын екінші тап – плебейлер деп аталды.

Римдегі патрици

Ежелгі аграрлық қоғамдардағы ақсүйек таптар тәрізді, рим элитасы да отбасыларының тегіне қатты мән берді. Бұл мырза екі мәртебелі атасының бюстін көрсетіп тұр.

Республика уақытында патрициялық отбасылар билікті ұстап қалуға тырысса, плебейлік көшбасшылар біртіндеп барлық азаматтар үшін заң теңдігін, заңдардың жазбаша жиынтығын «Он Екі Кесте» және «Плебейлік Кеңес» деп аталатын жиналысты құруға қол жеткізді. Бұл орган заңдарды қабылдауға, сот өткізуге және «трибун» деп аталатын шенеуніктерді партиялық мүдделерді іздеуге өкілеттігі бар болды. Б.з.д. бесінші және екінші ғасырлар аралығында, плебейлер қосымша құқықтар мен жауапкершіліктерге ие бола бастады.

Ұзақмерзімді перспективада қарасақ, бұл процесс әлеуметтік категориядағы қақтығыстарды азайтуға көмектесті. Сайланған шенеуніктер немесе «магистрлер» Римнің ішкі және сыртқы істерін басқарған. Бастапқыда республикада бір жыл мерзімге сайланатын азаматтық және әскери істерді басқаратын екі «консул» болатын еді.

Алайда Римде өсе келе, қоғамдық жұмыстар, сауда және әскерді қамтамасыз ету сияқты істерді қадағалау үшін бірнеше жаңа мемлекеттік мекемелер құрылды. Сайып келгенде, плебейлер жоғары офисте, оның ішінде консулдықта және сенатта болу құқығына ие болды. Сенаторлар республиканың қаржысына, соғыстарына, дипломатиясына және провинциялық әкімшілікке жетекшілік етті. Ер азаматтар меншік, сауда, құлдық, шенеуніктердің міндеттері және қоғамдық өмірдің басқа салаларын реттейтін заңдарды қабылдайтын халық жиналыстарында дауыс бере алды. Бұл органдар Плебейлік Кеңес, сондай-ақ, плебейлермен патрицияларды



қамтитын куриаттық және центуриаттық «комициялар» деп аталды. Рим басшылары заңның үстемдігін сыйлап, заңнама азаматтардың ерік-жігерін білдіргендіктен, әділ және дәйекті түрде орындалуға тиіс деп санады.

Грекия қалаларындағыдай, Республика халқының көпшілігінде негізгі құқықтары мен жауапкершіліктері болмады. Шетелдік иммигранттар мен құлдардың (көпшілігі соғыс кезінде тұтқындалғандықтан) азаматтығы болмады. Алайда босатылған құлдар белгілі бір шектеулері ғана бар азаматтар атануға мүмкіндіктері болды.

Республикадағы саяси институттар Рим халқының ұжымдық үкіметін мәңгілікке сақтап, кез келген жеке тұлғаны тым көп билікке ие болуға жол бермеуге тырысты. Азаматтар жиындарда жиі дауыс беретін еді, бірақ, демократия тек тармағына да қолданылды. Мысалы, бесінші ғасырда Афинадағы жиналыстармен салыстырғанда, Рим ассамблеялары азаматтардың ұсыныстарын талқылауға қатысты ешқандай ережесі болмады. Керісінше, олар тек «иә» немесе «жоқ» деп дауыс берген.

Азаматтар қаланың орталығында немесе Марс алаңында өтетін форумдарға «центуриялар» (халықтың бай бөлігі) немесе «тайпалар» (халықтың аумақтық бөлігі) мүшелері ретінде дауыс беру үшін жиналды. Әрбір центурия немесе тайпада бір ғана ұжымдық дауыс болған. Оның үстіне, ең бай отбасылар өздеріне тиімді шешім қабылдау үшін көпшілікке танымал жиналыстарды өздері басқарып, дауыс жинауға тырысты. Республиканың гүлденуінен байлық жинап үлгерген плебейлер өздерінің одақтастары ретінде кедей плебейлерді емес, патрициялық отбасыларды санады. Римдегі саясат олигархия, яғни байлыққа негізделген азшылықтың үстемдігімен басқарылатын мемлекет болып қалыптасты.

Рим өзінің барлық қоғамдық істерін патрондар мен клиенттер желілері арқылы жасады, яғни бай және қуатты адамдар (патрондар) жұмыс орындарын, ақша, қорғаныс немесе неке одақтарын ұсына отырып, әлдеқайда кедей және әлсіз таптардан (клиенттерден) адал жақтаушыларды іздестірді. Өз кезегінде, олар мұның орнына патрондар жиналыстарда қажет дауыс беруді, қолдау көрсетуді және басқа да істерді атқаруын күтті.

Патрон-клиент жүйесі – билік, байлық немесе әлеуметтік мәртебеге салыстырмалы түрде ие адамдар басқа адамдарға адалдығы және қызметі үшін қамқорлық немесе экономикалық пайда ұсынатын вертикаль әлеуметтік және саяси жүйе.

Рим империясы

Б.з.д. бірінші ғасырда Рим империясының қиындықтары шарықтау шегіне жетті. Азаматтықтан бас тартқан италяндық топтар бүлік шығарып, фракциялы қастықтар елорданы мезгіл-мезгіл мазалап отырды. Б.з.д. 49–31 жж. сұмдық азаматтық соғыс империяның ыдырауына себеп болып, ең күшті генералдар – Юлий Цезарь, Помпей, Марк Энтони және Октавиан билік үшін күреспен сипатталады.

Принципат кезеңіндегі мемлекеттік құрылысты сипаттайтын болсақ, б.з.д. 27 жылы сенат Октавианды император деп жариялайды. Алайда бастапқыда ол Республиканың жоғарғы және өмір бойы билеуге құқығы бар магистрі ретінде ғана қарастырылған болатын. Император – әскердің бас қолбасшысы, жоғарғы абыз, халық трибуны және цензор болды. Өзінің жақтастарының қатарынан ол өкілдерін тағайындады. Олар императордың мандаты негізінде, оның нұсқамаларын халыққа жеткізумен айналысса керек. Октавиан Августтың билігі кезінде мемлекеттік аппарат құрылып, қазына қалыптасты. Оның басында Сенатпен сайланатын Император тұрды. Өз билігінде ол преториандық префектілер мен императорлық кеңсенің ведомство бастықтарынан тұратын императорлық кеңеске арқа сүйеді. Басқаруда үлкен орынды бірнеше бөлімнен тұратын императорлық кеңсе алды. Сенат формалды заңшығарушы орган болып саналды. Себебі Император жарлықтары заңға айналу үшін сенаттың бекітуінен өтуі тиіс еді. Сенат атқарушы билікті жүзеге асыратын магистрлерді бекітті. Магистрлер 20 квестор, 18 претор және 12 консулдан тұрды. Рим мемлекетінің аумағы 45 провинцияға бөлінді. Олардың 34 – императорлық, ал 11 – сенаттық. Сенаттық провинциялар кедей, табысы аз және қауіпті болды. Ал императорлық провинциялар бай және император әскерлері тұрғандықтан қауіпсіз болды. Провинцияларды император тағайындайтын өкілдер басқарды. Қорытын-



дылай келе, принципат республикалық институттарды бүркемеленген монархия болды деп айтуға болады.

Содан бері Рим де авторитарлық монархияға ұқсап, республикалық қала-мемлекет сипаттамасынан алыстай бастады. Соғыстан шаршаған азаматтар жаңа автократияны көп шағымсыз қабылдады. Империяның «Pax Romana» немесе «римдік бейбітшілік» деп аталатын тәртіп б.з. екінші ғасырдың аяғына дейін созылды.

Рим қауіпсіздігінің артықшылықтарына қарамастан, Жерорта теңізінің айналасындағы миллиондаған адамдар салық төлеуші субъектілер ретінде Империяға кіруді қаламады. Көптеген халықтар империяның басып кіруіне қарсы тұрып, әскери қызмет етуге қарсы көтерілді. Әскер империяны зор зорлық-зомбылық жағдайында мәжбүрлеп ұстады.

Бүлікшілер кейбір шайқаста жеңіске жетсе де, әдетте соңында жеңіліске ұшырайтын. Мысалы, Палестинада еврей көпшілігі гректермен шиеленіс, римдіктердің ауыр салық салуы салдарынан 66 жылы көтерілді. Төңкеріс Палестина аумағына таралса да, 70-жылы император Веспасианның ұлы басқарған римдік әскерлер Иерусалимді басып алып, оны киелі ғибадатхананы өртеп жіберді. Бірінші ғасырдағы еврей тарихшысы Флавий Иосиф, азық-түлік тапшылығы салдарынан қаланың үмітсіз қалуын осылай сипаттайды:

[Рим әскерлері] қалаға соққылармен кіргенде, олар еврейлер қашып тығылған үйлерді өртеп, әр жанның жануын тосты; . . . жолында әр кездескен адамды өлтіріп, өлі денелер жолға кедергі келтіргенше бүкіл қаланы қанмен толтырды.

Көтерілісті жаншу

Тит император әскерінің Палестинадағы еврейлер көтерілісін (б.з.д. 66–70 жылдар) басқанын Римде триумф аркасын салу арқылы атап өтті. Арканың бір қабырғасындағы мына бедерлі суретте Иерусалимдегі ғибадатханадан тоналған олжаларды көтеріп, астана көшелерінде салтанатты шеру ұйымдастырған Рим жасақтары бейнеленген. Сарбаздар еврей дінінің киелі символы болған менора немесе шырағданды (канделябр) көкке көтере, жеңістеріне масаттанып келеді.

Империялық саяси жүйе

Рим императорлары өздерінің билігін орталықтандырғаннан кейін көп жылдардан соң Сенат секілді республикалық үкіметтің кейбір формаларын және символдарын сақтап қалды. Бірақ республикалық символизмнен алыстағанда, Августпен басталатын билеушілер империялық табынушылыққа үгіттеді. Ол Римдіктерге өзінің «өмірлік күшін» құрметтеуге жол берді. Август басқарғаннан кейін Сенат қайтыс болған билеушілерге Құдайдың мадақтауыштарын, яғни тәңірлерін сыйлау туралы жарлықтар шығара бастады. Адамдар билеушіге арнап ғибадатханаларды және құрбандық үстелдерін, шерулер мен фестивальдарда оның бейнесін көрсету арқылы билеушіні құрметтеді.

Республикадағы патрондар мен клиенттер арқылы басқарылатын стиль империяға да ауысты. Көптеген өңірлерде императорлар тәуелсіз патшалар мен князьдармен жеке-жеке қарым-қатынас жасауды жөн көрді. Облыстық әкімдер өз міндеттерін орындауға көмектесу үшін өздерінің ер достарын және басқа клиенттерін жиі өздерімен алып жүрді. Әдетте облыс әкімдері бір жылдан астам уақыт жұмыс істегендіктен, жергілікті тұрғындармен табысқа немесе сауда сыйлықтарына ие бола отырып, өздерін және қоршаған ортасын тез байытуға тырысты.

Доминат кезеңіндегі қоғамдық құрылым. Аталмыш дәуірде Рим құлиеленушілік мемлекеті терең дағдарысқа ұшырады. Ол классикалық құлиеленушілікке негізделген экономиканың құлдырауымен байланысты. Құлдардың еңбегі қолданылатын шаруашылықтар құлдырап, олардың орнын латифундиялық шаруашылықтар басты. Осылайша құлиеленушілер табында ірі жер үлестері мен халықтың басым бөлігін қоланың астында біріктірген латифундист жер иеленушілер бірінші орынға шықты. Билеуші тапта басты орынды император мен оның



жақын туыстары иеленді. Олардың ықпалы қуатты императорлық жер иеленуге негізделді. Осы кезеңде олармен қатар билеушілер табының қатарына жаңа пайда болған әлемдік дін – христиандықтың діни шонжарлары үлкен ықпалға ие бола бастады. Шіркеулік жер иелену пайда болды.

Құлдардың өндірушілер ретіндегі рөлі азайып, олардың орнын колондар басты. Колондарды жерге бекіту процесі басталды. Жерге бекіту өмірбақилық және мұрагерлік болды. Ұсақ өндірушілер табы кедейленіп, колондарға айнала бастады. Осылайша құруға шақ қалған құлиеленушілік құрылымда феодалдық қатынастар пайда болды.

Доминат кезеңіндегі мемлекет құрылысы. Жоғарғы билік императордың қолында шоғырланды. Императорлар республикалық дәстүрлерді жойып, мемлекетті жеке-дара басқара бастады. Принцепс титулының орнына *dominus*, яғни «қожайын», «мырза» атты титул қолданылатын болды. Император мемлекетті заң жобаларын дайындайтын кеңесші орган – мемлекеттік кеңес және орталық ведомстволар арқылы басқарды. Мемлекеттік аппарат қатаң сипатқа ие болып, ол бір жылға тағайындалатын шенеуліктерден тұрды. Шендердің иерархиясы қалыптасты. Провинциялар өздерінің кеңселері бар өкілдермен басқарылды.

Доминаттың орнауы саяси-экономикалық дағдарыстан өтуге тырысқан император Диоклетианның атымен байланысты. Ол империяның басқаруын жақсартатын және әскерді нығайтатын бірқатар реформалар жүргізді. Оның бастысы – мемлекеттік басқару реформасы болды. Империяда «тетрархия» деп аталатын басқару жүйесі енгізілді. Ол бойынша билік төрт тұлғаға берілді. Империяның Батысы мен Шығысын билейтін екі Августқа және олар өздеріне көмекші ретінде тағайындайтын екі Цезарьге берілді. Жиырма жылдан соң Августтар билікті Цезарьларға ұсынуы тиіс болды. Бұл жүйе мемлекеттік биліктің сабақтастығы мен басып алудан сақталғандығын қамтамасыз етті.

Империя аумағының басқарылуын жақсартуға әкімшілік реформа септігін тигізді. Диоклетиан мемлекет аумағын 101 провинцияға бөлді және жаулап алынған аумақтарда жаңа әкімшілікті енгізді. Сепаратизмді әлсірету үшін провинциялардағы префектілердің қолында шоғырланған әскери және азаматтық билікті бөліп тастады. Провинцияларды ректорлар басқаратын болды. Бірнеше провинция викаримен басқарылатын диоцездерге бірікті.

Император билігінде әскерге сүйенгендіктен әскери реформаның да маңызы зор болды. Жер иеленушілер әскерге саны олардың жерлерімен ондағы халық санына пропорционалды жауынгерлерді жіберетін болды. Әскердің саны үштен бір бөлікке артты. Екіншіден, әскер екіге бөлінді. Бірінші бөлігі тұрақты түрде империя шегараларында орналасты, ал екінші бөлігі ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етті.

Елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін экономикалық тұрақтылықтың маңызы зор болды. Экономикалық реформаларды Диоклетиан ақша реформасынан бастады. Ол толық құнды алтын монета шығарды. Сонымен бірге Диоклетиан салық жүйесін реформалады. Ол азық-түлікпен төленетін адам басынан алынатын салық енгізді. Мемлекеттің нығаюына христиан діні көмектесер еді, алайда Диоклетиан оған мемлекеттік билікке бәсекелес ретінде қарап, қарсыласына айналды.

Доминаттың толық орнауы Константин императордың атымен байланысты. Мемлекет аумағы төрт префектураға бөлінді. Оларды император тағайындайтын азаматтық лауазымға айналған префектілер басқарды. Әскерді басқару төрт әскери магистрге берілді. Преторий преторы және әскери магистрлер тікелей императорға бағынды. Аумақтың провинциялар мен диоцездерге бөлінуі сақталды.

Мемлекет біртұтастығының нығаюына Константиннің шіркеулік реформасы септігін тигізді. Басында ол христиандықты басқа діндермен тең және еркін насихатталатын дін деп таныды. Ал кейін мемлекеттік дін деп таныды.

375 жылы Рим империясы астанасы Римде болған Батыс және астанасы Константинополь болған Шығыс бөліктеріне бөлініп кетті. 476 жылы Одакар басқарған герман тайпалары Батыс Рим империясын басып алды. Ал Шығыс Рим империясы – Византия 1452 жылы түріктердің қол астына өтті.



Мәдениеттегі роман стилі

Мәдени романизация. Рим провинцияларын көбінесе қалалардан басқарғандықтан аумақтардың саны мен басып алу саясаты да бірге өсті. Тибр өзенінің маңында орналасқан тау шыңдарындағы ауылдарды қоса алғанда Рим екінші ғасырда миллионға жуық адамның мегаполисіне айналды.

Империяның қалалары. Август пен оның тікелей мұрагерлері жаңа қоғамдық форумдар, храмдар, театрлар, аркалар мен мүсіндерді салған. 80 ж. ашылған Колизей деп аталатын үлкен амфитеатр билік пен драмалық спектакльдер үшін елу мың көрерменге арналды.

Азшылық элитасы ашық аспан астындағы аулалардың айналасында салынған әдемі үйлерде тұрса, жүздеген мың қарапайым адамдар көпқабатты үйлерге толы болды. Римдік гарнизондардың болуынан және империяның өндірісінен алынған қолөнершілердің бұйымдарына сұраныстың артуына байланысты Шығыс Жерорта теңізі жағалауында көптеген қалалар салынды.

Мысырдағы Александрия мен Сириядағы Антиохия 100 мыңнан астам халыққа жетті. Батыс провинцияларда, яғни Солтүстік Африкада және Италияның шегінен тыс батыс Еуропада, Империяға дейінгі қалалар шашыраңқы және әдетте кішкентай болды. Алайда римдік билік гарнизондарға, әкімшілікке және саудаға деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін урбанизацияны ынталандырды. Шегаралық өңірлерде мемлекет жиі қоныс аударушыларға тегін жер береді.

Қазіргі заманғы Алжирде орналасқан Тимгад қаласы – тамаша мысал. Тимгад аймағы Бербер тілдес малшылар мен фермерлер өмір сүрген. Траян императоры Тимгатты империяның оңтүстік шегарасындағы әскери отары ретінде салған болатын. Астық және ірі қара мал өндіретін орталыққа айналғандықтан, сәулетшілер оны храмдармен, театрлармен, моншалармен, сарайлармен және салтанатты аркамен безендірді.

Тимгадтың қалалық дамуы Жерорта теңізінің айналасындағы айқын империялық мәдениет стилінің таралуын бейнелейді. Барлық ежелгі империяларда мәдени стандарттау, әсіресе, элиталық таптар арасында орын алды. Әдетте билеушілер жергілікті аристократтар мен әміршілерді король сарайында қолданылатын талғамға, сәнге және дамыған тәсілдерге еліктеуге шақырды. Керісінше, жаулап алған аумақтардағы жергілікті элиталық отбасылар өздерінің адалдықтарын көрсету және әлеуметтік беделін көтеру үшін империялық мәдениетті имитациялауға жиі жүгінді.

Римнің қиыр оңтүстік шегарасы

Империяның Солтүстік Африкадағы жерін сол маңда орналасқан Орес тауларын мекендеген берберлердің шапқыншылығынан қорғаған, б.з. II ғасыры басында тұрғызылған Тимгад қаласының қирандылары.

Романизация Рим империясының және жергілікті этникалық-лингвистикалық идеялар мен салт-дәстүрлердің күрделі өзара әрекеттесуін қамтиды. Эллинистік әсер бірінші кезектегі болып, әсіресе, сәулет, натуралистік мүсін және кескіндемеде айқын көрінді. Грек тілі шығыс провинцияларында ең беделді тіл болып танылып, бүкіл империядағы римдік отбасылардың балалары оны үйренуге мәжбүр етілді. Латын тілі император әкімшілігінің тілі және батыс аймақтардағы әдебиет, заң, риторика және ғылымның негізгі құралы болды.

Жалпы айтқанда, романизация шығысқа қарағанда батыс империясын, ауылдардан қарағанда қалаларды және қарапайым адамдарға қарағанда элитаға көбірек әсерін тигізді. Батыс Еуропа мен Солтүстік Африкада бербер, келт, герман тілін және басқа да жергілікті тілдерде сөйлейтін жергілікті патшалар мен кландар басшылары латын тілін үйреніп, виллаларын итальяндық стильде керамикамен безендіріп, римдіктерді лайықты римдіктерге айналу үшін зор еңбек етті. Галлия, Иберия және басқа да батыс жерлердегі қалалар Римнің кішігірім нұсқалары сияқты храмдар, амфитеатрлар, моншалар және арбалар жарыстарына арналған арналармен толықты.



Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Рим империясының дамуы классикалық батыстық демократиясы дамуының квинтессенциясы деп атауға болады. Ішкі және сыртқы саясат көбіне биліктегі адамның ерігіне емес, қоғамдағы қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік жүйеге тәуелділігін байқауға болады.

Әдетте ерлер мен әйелдер, әсіресе, ауылдық жерлерде, өздерінің жергілікті әдет-ғұрыптарына төзе білді. Романизация оларға да белгілі бір дәрежеде қол жеткізді деуге болады. Себебі олар провинциялық қалаларды аралап, Рим отаршыларымен байланысып, империяның өсуімен кеңінен таралған империялық монеталарды қолданды. Көптеген және әртүрлі діни идеялар да таралды, ал жаңадан келгендер барлық әлеуметтік таптар арасында ізбасарларды тартуға бейім болды. Романизация империяны біртектес қыла алмаса да, Жерорта теңізі бассейні Рим құлаған соң, сол уақыттағы мәдени интеграция деңгейіне ешқашан қайта жете алмады.